

**Облыс және қала мектептерінің оқушыларының арасында өткізілетін
қашықтық пән олимпиадасының
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережесі

Қашықтық пән олимпиадасы мектеп оқушыларының арасында кәсіби бағыт беру жұмысын насихаттау және оқушыларды зияткерлік шығармашылық жұмысына баулу мақсатында өткізіледі.

2. Олимпиада мақсаттары:

- Колледж-мектеп арасындағы шығармашылық байланысты қалыптастыру;
- Облыс және қала мектептерінің оқушыларын ғылыми шығармашылыққа баулу;
- Колледж мамандықтарына мектеп оқушыларының назарын аудару және кәсіби бағыт беру;
- Дарынды балаларды анықтау және қолдау көрсету.

3. Олимпиада міндеттері:

Оқушылардың зияткерлік және шығармашылық зейіндерін дамытуына ықпал жасау;

- оқу процесінде шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағдай жасау;
- оқушылардың танымдық белсенділігін және дербестігін дамыту; зияткерлік бейімдерін жетілдіру;
- белгілі пәндер бойынша оқушылардың біліктілігі мен дарындылығын жүзеге асыру жағдайларын анықтау;
- ақпараттық технологияны оқу процессінде қолдану дағдыларын дамыту.

4. Олимпиаданы ұйымдастырушы:

КМҚК «Бизнес және сервис колледжі»

5. Олимпиадаға қатысушылар.

Олимпиадаға Шығыс Қазақстан облысы мен Семей қаласының мектептерінің 9 сынып оқушылары қатыса алады.

6. Олимпиаданы өткізу тәртібі. Олимпиада екі тур барысында өткізіледі:

Қашықтық олимпиаданың I турының өткізу тәртібі.

I тур – қашықтық жағдайда өткізіледі. Тапсырмалар **орыс тілі, қазақ тілі, математика** пәндерінен тест түрінде ұсынылады.

Олимпиадалық тест тапсырмалары 25 тапсырмадан тұрады. Тест тапсырмасын бір рет қана тіркеліп орындауға болады. Олимпиадалық жұмысты орындауға 45 минут беріледі. Тест тапсырмалары колледждің сайтында орналастырылады. Қатысушы бір пән бойынша және бір рет ғана тапсырманы он-лайн орындай алады.

**Қатысушыларды тіркеу өтінім бойынша өткізіледі. (№1 қосымша).
Өтінімдер колледждің электрондық почтасына жіберіледі.**

I тур қорытындысы колледж сайтында жарияланады. Қатысушылар мен жетекшілеріне сертификат беріледі, колледж сайтында орналастырылады.

1 турда максималды ұпай жинаған оқушылар II турға қатысады.

Қашықтық олимпиаданың II турының өткізу тәртібі.

II тур –1 турда максималды ұпай жинаған оқушылардың арасында Бизнес және сервис колледжінде өткізіледі.

2 тур тапсырмалары шығармашылық тапсырмалар түрінде беріледі:

- **Орыс тілінен:**

«Кадрдағы кітап: Орыс әдебиетіндегі жас адамның бейнесі» шығармашылық жобасын құру және қорғау. Жоба презентация немесе видеоролик түрінде ұсынылуы тиіс. Қорғауға 5-8 минут беріледі.

Бағалау критерийлері:

- тапсырма тақырыбына және мақсатына сәйкестігі;
- сөз мәнерлілігі мен анықтығы;
- сезімдік-экспрессивтік орындау;
- қорғау ерекшелігі;
- сахналық мәдениеттілік.

- **Қазақ тілінен:**

Берілген 3 тақырыптың біреуін таңдап шығармашылық жоба құрып қорғау.

1. Мемлекет болашағы – білімді жастарда
2. Ұлы даланың жеті қыры. Қазақстан алма мен қызғалдақтың отаны.
3. Ұлы даланың жеті қыры. Алтын адам.

Жоба презентация немесе видеоролик түрінде ұсынылуы тиіс. Жобаны қорғауға 5-8 минут беріледі.

Бағалау критерийлері:

- тапсырма тақырыбына және мақсатына сәйкестігі;
- сөз мәнерлілігі мен анықтығы;
- актерлік шеберлік;
- сахналық мәдениеттілік;
- қорғау ерекшеліктері.

- **Математикадан:**

-экономикалық бағыттағы есептерді шығару (мектеп бағдарламасы көлемінде).

Олимпиада қатысушыларға орта мектеп бағдарламасына сай математикадан әртүрлі деңгейлі 6 тапсырма беріледі. Тапсырмаларды орындауға астрономиялық 2 сағат беріледі.

Бағалау критерийлері:

Олимпиадаға қатысушылардың жұмысын әділ қазылар алқасы бірігіп тексереді. Дұрыс орындалған тапсырма 5 ұпаймен бағаланады. Қорытынды баға барлық ұпайлардың қосындысынан шығарылады.

2-ші турға қатысушылар құптау бойынша тіркеледі (№2-қосымша). Өтінімдер колледждің электрондық почтасына жіберіледі.

Олимпиада туралы мағлұмат және оқушылардың қатысуын тіркеуі және екінші турға шақыру колледж сайтында орналастырылады.

6. Олимпиаданы өткізу мерзімдері.

Өтінім беру: 2019 жылдың **18 наурыздан 08 сәуірге** дейін
Тапсырмалардың сайтқа қойылуы: 2019 жылдың **08 сәуір – 15 сәуір** аралығында
Жауаптарды енгізу он-лайн режимінде: 2019 жылдың **08 сәуір – 15 сәуір** аралығында (**колледж сайтында**)

Нәтижелерді шығару, II турға шақыру- 2019 жылдың **15 сәуір – 19 сәуір** аралығында (**колледж сайтында**)

II турды өткізу: **25 сәуір 2019 жылы** (Бизнес және сервис колледжінде өтеді)

7. Жеңімпаздарды марапаттау.

I тур нәтижесінде әрбір қатысушыға Олимпиадаға қатысқаны үшін **Сертификат**, пән жетекшісіне **Алғыс хат** беріледі.

II турда қатысқандар арасында 1, 2, 3 орын алғандар **дипломмен**, жетекшілері **Алғыс хатпен** марапатталады.

1 орын алған жеңімпазға колледжде ақысыз оқу туралы Грант беріледі.

2,3 орын алған жеңімпаздарға колледжде оқу ақысына 50%-дық жеңілдік беріледі.

Дипломдар мен гранттар II турдан кейін колледжде салтанатты түрде табыс етіледі.

8. Олимпиада ұйымдастырушылар комитеті

Мекен жайы: Семей қаласы, Аймаутов көшесі 143 А

Телефондар: 50-58-98, 50-71-18

Сайт: WWW.skbis.kz

E-mail: biznes_sbk@mail.ru

Ұйымдастырушы: klarag@bk.ru

1 Қосымша

Дистантты пән олимпиадасына қатысуы туралы

Өтінім

Қатысушының аты- жөні (толық)	
Оқыту мекемесі (мектеп)	
Сынып (Класс)	
Секция (Пән)	
Оқу тілі	
Жетекшінің аты-жөні (Оқытушы) (толық)	
Байланыс телефондары (кодымен)	
Электрондық почта (e-mail)	

2 Қосымша

Дистантты пән олимпиадасының ІІ турына қатысуы туралы

Құптау

Қатысушының аты- жөні (толық)	
Оқыту мекемесі (мектеп)	
Сынып (Класс)	
Секция (Пән)	
Оқу тілі	
Жетекшінің аты-жөні (Оқытушы) (толық)	
Байланыс телефондары (кодымен)	
Электрондық почта (e-mail)	